**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аққұдық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасы.**

**25 қыркүйек 2023 жыл**

«Аққұдық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2023 жылғы 31 тамызда өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№1 хаттамасы) шешімі негізінде 2023 жылдың 04-25 қыркүйек аралығында мектепте өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін мектеп директорының 2023 жылғы 04.09 дағы № 20н/қ бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1. Комиссия төрағасы: мектеп директоры - Кунтаев Ардак Мырзатаевич

   Комиссия мүшелері:
   - Оқу – тәрбие орынбасары - Муздакова Армангуль Жарасқановна
   - Тәрбие жұмысының орынбасары - Қыстаубаева Аяжан Мұратқызы
   - Әлеуметтік педагог - Беккалиева Айгерим Наурызгалиевна
   - Кәсіп одақ ұйымының төрайымы - Сагидуллина Даригуль Саиновна
   - Бастауыш сынып әдістемелік бірлестік жетекшісі - Сейтжанова Закия Кыдыралиевна
   - Гуманитарлық әдістемелік бірлестік жетекшісі - Иманкулова Мирамгуль Есенгалиевна

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде білім беру ұйымының қызметі бағаланды.

## 1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

1. **Білім беру ұйымының толық атауы**

   «Ақтөбе облысының білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Аққұдық орта мектебі» КММ

2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері**

   Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық ауылы Оспанов көшесі, 13 ғимарат, пошталық индексі 031103.

3. **Заңды тұлғаның байланыс деректері:**

   Тел: 8(71336)79040,

   Мектеп сайт атауы: web: http://akkudyk.edu.kz/

   Электрондық пошта: akkudyk-1982@mail.kz,

4. **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері**

   Кунтаев Ардак Мырзатаевич. Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің лауазымға тағайындау туралы 05.01.2021 жыл №1/3 бұйрығы.

5. **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары :** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аққұдық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 490 қаулысымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Ақтөбе облысының Әділет департаменті. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 970440003059. Хромтау қаласы, 17.01.2021жыл.

6. **Рұқсат беру құжаттары:** Лицензия 25.02.2021жыл, №KZ90LAA00024868. Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша. Қосымшаның №001, берілген орны Ақтөбе қаласы, берілген күні 2021 жыл 25 ақпан. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама. Хабарламаның тіркелген кіріс: KZ05RVK00038518.

**Қазақстан Республикасы-**
**ның Оқу-ағарту министрі**
**2022 жылғы 5 желтоқсандағы**
**№ 486 Бұйрыққа қосымша**

**1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

**1. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар**:

1) 2022-2023 оқу жылы «Аққұдық орта мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық тобының жұмысын төмендегідей қорытындыланды: оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкес;

2) 2022-2023 жылдың перспективалық жоспарында түсінік хат толық жазылған, жоспарланған өтпелі тақырыптар, олардың біріздiлігі мен саны педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асырылды;

**3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;**

**Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында** мектепалды даярлық және шағын орталықта мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғауға, сапалы қамтамасыз етілген. **Пәндік-дамытушы ортада заттық обьектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері,пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар,даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Мектеп ғимараты 1қабатты, мектеп ауласы қоршалған.** Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін тәрбиешілер отбасымен тығыз ынтымақтастықта болғандығын көрсетеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

**4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.**

Талдау нәтижелері: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Мектепалды даярлық сыныбында 9 бала тәрбиеленді. 2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты айқындалған. Білім беру ұйымында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы

**5) тәрбиеленушілердің даму мониторинісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау**.
Зерделеу кезінде 2022-2023 оқу жылындағы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылған. Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балардың деңгейі көрсетілген. 2022-2023-оқу жылының бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының көрсеткіші бойынша мектепалды жасы-67% пайыз болғаны анықталды.

**6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.**

Талдау нәтижелері: Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған,бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген. Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр.

2022-2023 оқу жылы мектепалды даярлық сыныбы бойынша

| Р/с № | Дағдылар тізбесі | Мектепалды жасы (5 жастан бастап) | |
|---|---|---|---|
| | | Топтар саны/ балалардың саны | Дағдыларды игерген балалар % |
| 1 | Физикалық дамыту | 1/9 | 100% |
| 2 | Коммуникативтік дағдылар | 1/9 | 100% |
| 3 | Танымдық және зияткерлік дағдылар | 1/9 | 100% |
| 4 | Шығармашылық дағдылар,зерттеу іс-әрекеті | 1/9 | 100% |
| 5 | әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | 1/9 | 100% |

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері: МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және сақталған.

3. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

*1*) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Талдау нәтижесі: балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақталған;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Талдау нәтижесі: тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақталған.

**2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасы негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алынды. "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай.

2022-2023 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) мұғалімдердің саны 4**. Оның ішінде - "педагог-зерттеуші" – 3 мұғалім, "педагог-сарапшы"– жоқ, "педагог-модератор" – жоқ, санатсыз-1 мұғалім (жас маман). Сапалық құрам–75 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мекетептер үшін - 25%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

| **№** | **Педагогтардың аты–жөні толық (құжат бойынша)** | **Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы** | **Диплом бойынша мамандығы** | **Еңбек өтілі** | **Санаты** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сейтжанова Закия Кыдыралиевна | Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 1997 | Бастауыш мектептің мұғалімі | 41 | Педагог-зерттеуші Б №374, 18.12.2019 ж |
| 2 | Суюнгарина Мейрамгуль Жубаткановна | Арнаулы орта, Ақтөбе педагогикалық училищесі, 1988ж | Бастауыш класс мұғалімі | 33,10 | Педагог-зерттеуші Б №212,13.08.2021 ж |
| 3 | Батырханова Сауле Адильбековна | Арнаулы орта, «Ақтөбе гуманитарлық колледжі» МКҚК, 2006ж | Бастауыш сынып мұғалімі | 2 | Жоқ |
| 4 | Мангалова Жайнагуль Болатовна | Мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті,1999 ж | Бастауыш сынып мұғалімі | 29,9 | Педагог-зерттеуші Б №374, 18.12.2019 ж |

**Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни** 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдерінің саны - 14. Оның ішінде "педагог-зерттеуші" – 2 мұғалім, "педагог-сарапшы" – 3 мұғалім, "педагог-модератор" – 2 мұғалім, санатсыз - 7 мұғалім. Сапалық құрам – 35,7 % құрап отыр.

*Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мектептер үшін - 35%-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.*

***Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы***

| **№** | **Педагогтардың аты–жөні толық (құжат бойынша)** | **Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы** | **Диплом бойынша мамандығы** | **Еңбек өтілі** | **Санаты** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кунтаев Ардак Мырзатаевич | Жоғары, Мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 2004 ж. | Дене тәрбиесі оқытушысы, спорт жаттықтырушісі. | 40,11 | Педагог-зерттеуші Б №212 13.08.2021ж |
| 2 | Иманкулова Мирамгуль Есенгалиевна | Жоғары, Мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 2002 ж. | Тарих оқытушысы | 20 | жоқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Денгелбаева Айдана Усеновна | Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2010 ж. | Құқық және экономика негіздері | 6,8 | жоқ |
| 4 | Сагидуллина Даригуль Саиновна | Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты, 2004 ж. | Математика, информатика және ВТ пәндерінің мұғалімі | 29 | Педагог-зерттеуші Б №276 30.12.2020ж |
| 5 | Рысмагамбетова Гулсум Жусуповна | Жоғары,Орский государственный институт имени Т.Г.Шевченко,1990г | Учитель русского языка в националь-ной школе | 37,8 | Педагог-сарапшы Б №603 27.12.2019 ж |
| 6 | Жанаева Кулаш Кыдыралиевна | Жоғары, Мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 2003 ж. | Тарих оқытушысы | 25 | жоқ |
| 7 | Муздакова Армангуль Жараскановна | Жоғары, Мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 2003 ж. | Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі | 30 | Педагог-сарапшы №820 28.12.2018 ж |
| 8 | Қыстаубаева Аяжан Мұратқызы | Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 2022 ж. | Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бакалавр | 0 | жоқ |
| 9 | Алипкарина Данара Казибаевна | Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2010 ж. | География мамандығы бойынша бакалавр | 7 | Педагог-сарапшы Б №649 24.12.2021 ж |
| 10 | Жармагамбетова Гулмира Биболатқызы | Арнаулы орта, «Евразия гуманитарлық институтының колледжі», 2018 ж | Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі | 2 | жоқ |
| 11 | Мурзагулова Жаннур Жансугировна | Жоғары, Сақтаған Байшев атындағы университеті,2019 ж | «Шетел тілі:екі шетел тілі» | 6,10 | жоқ |
| 12 | Акниязова Айдана Ерболатовна | Жоғары, Мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 2020 ж. | Математика мамандығы бойынша бакалавр | 4 | Педагог-модератор Б№22 30.07.2021ж |
| 13 | Мақсот Мейрамбек Мақсотұлы | Арнаулы орта, көпсалалы «Болашақ» колледжі 2018 ж | Дене шынықтыру және спорт бойынша бакалавр | 4 | Жоқ |
| 14 | Ногайбаева Гулжихан Амангельдиевна | Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық техникалық колледжі, 2015 ж | Информатика пәнінің мұғалімі | 10 | жоқ |

Гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі – 20 (оның ішінде 1 мұғалім үйірме жетекшісі, 1 мұғалім психолог). Оның ішінде – "педагог-зерттеуші" – 5, "педагог-сарапшы" –3, "педагог-модератор" – 2, екінші санатты – 1 мұғалім, санатсыз- 9 мұғалім. Сапалық құрам – 40 % құрап отыр.

*Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мектептер үшін - 30 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.*

**Педагогтардың білімі бойынша:**

| Оқу жылдары | Барлық педагогтар | магистр | Жоғары | арнаулы орта білім |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 18 | 0 | 13 | 5 |

***Қорытынды: Барлық жұмыс жасайтын педагогтардың тиісті бейіні бойынша білімі бар.***
«Аққудық орта мектебі» КММ-де педагогтер саны – 18, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 13, арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 5, қайта даярлау курсынан өткен педагогтер – 0 Сапалық құрам – 72,2%

**Қоса атқару жағдайында жұмыс жасайтын педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:** қоса атқару жағдайында жұмыс жасайтын педагогтер жоқ.

***Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер: 2022-2023 оқу жылы.***

| № | Аты-жөні, тегі | Лауазымы | Жалпы еңбек өтілі | Пед. еңбек өтілі | ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі (бар болса) | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | - | | | | | |

***кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:***

**Біліктілік санаты бойынша:**

| Оқу жылдары | Жалпы саны | жоғары | I | II | Санаты жоқ | Педагог-Зерттеу | Педагог-Сарапшы | Педагог-Модератор |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 1 | | | | | | 1 | |

***Қорытынды:***

2022-2023 оқу жылдары бойынша педагог сарапшы- 1 мұғалім

***Ұсыныс: Педагогтардың сапалық құрамын арттыру үшін біліктілік санатын өсіру жұмыстарына көңіл бөлу керек.***

***2.1. кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.***

**Біліктіліктілін арттыру курстары:**

Балабақшаның педагогтары өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

**Курстан өткен педагогтар көрсеткіші**

| Оқу жылдары | Педагогар саны | «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы | Республикалық білім жетілдіру орталығы | Ақылы курстар |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 о.ж | 12 | 9 | 3 | 0 |

| Оқу жылы | Барлық педагогтер | Базалық курс | Инклюзив бойынша | Педагогтердің IT құзыреттілігін арттыру |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 о.ж | 12 | 8 | 3 | 1 |

**2022-2023 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша:**

| Оқу жылы | Мектеп директоры | Директордың оқу ісі орынбасары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 о.ж | - | - | - |

***2.2. білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың 2022-2023 оқу жылындағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;***

| Қатысқан | Аудандық | Облыстық | Республикалық |
|---|---|---|---|

| оқушылар саны | | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 о.ж. | 65 | 9 | 14 | 25 | 4 | 4 | 1 | 1 | 3 | 4 |

**Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) олимпиадаларға қатысуын талдау**

| Оқу жылы | Сынып | Орыс тілі мен әдебиеті | | Қазақ тілі мен әдебиеті | | Ағылшын тілі | | Биология | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар |
| 2022-2023 | 5-11 | 1 | II орын | 2 | II орын<br>III орын | - | - | 1 | III орын |

кестенің жалғасы

| Химия | | География | | Физика | | Математика | | Тарих | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар | бала саны | жүлделі орындар |
| - | - | 1 | II орын | - | - | 2 | III орын<br>III орын | 1 | III орын |

**Республикалық «Балалар әлемі» олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 5 | 1 | 2 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

**Республикалық «Кенгуру» олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 4 | - | - | - | - | - | - | - | 2 | 2 |

**Республикалық «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 6 | - | - | - | - | - | - | 1 | 3 | 2 |

**«Алтын ұрпақ» 2022 олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 8 | - | - | - | - | - | 0 | 2 | 4 | 2 |

**«Абай пәндік» олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

**«Достық» олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 4 | - | - | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

**«Алтын сақа» олимпиадасының қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 4 | - | 1 | - | - | - | 1 | - | - | - |

**Зияткерлік олимпиадалармен, конкурстар қорытындысы бойынша:**

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 26 | 3 | 3 | 1 | 0 | 0 | 1 | 3 | 9 | 6 |

**Жалпы қорытынды:**

| Олимпиада мен конкурстар түрлері | Аудандық | Облыстық | Республикалық Халықаралық |
|---|---|---|---|
| Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары | 8 | - | - |
| Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы | 2 | - | - |
| Қашықтық форматтағы байқаулар | 2 | - | 8 |
| Интеллектуалдық конкурстар | 7 | 1 | 10 |
| **Барлығы:** | **26,3%** | **1,3%** | **25%** |

**Үйірме, секция, клубтар арасындағы сайыстар нәтижесі:**

| Үйірмелер, секция, клубтар | Аудандық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|
| Спорттық | 20 | 3 | | |
| Шығармашылық байқаулар | 5 | 1 | | |
| Дебат | 3 | 1 | | |
| БАРЛЫҒЫ | 38,8% | 6,9% | | |

**3.Білім алушылар контингенті**

**Білім алушылар контингентінің сандық құрамы**

***3.1. деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер***

| *Оқу жылы* | Инклюзивті білім алатын ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар саны | денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын білім алушылар саны |
|---|---|---|
| **2022-2023** | 1 | 0 |

**Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар:**

2022-2023 оқу жылында денсаулығына байланысты ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде - 1 оқушы білім алды.

**3.2 сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер**
2022-2023 оқу жылында білім алушылар саны - 72 баланы (10 сынып, 9 комплект) құрады.
Оқыту сатылары бойынша төменде көрсетілген ретпен бөлінді:
-Мектепалды даярлық сыныбы бойынша 9 бала 1\1 класс комплект
-1-4 сыныптар – 30 бала ( 41,7 %) 4\4 класс комплект
- 5-9 сыныптар – 37 бала ( 51,4 %) 5\4 класс комплект
- 10-11сыныптар – 5 бала (6,9 %) 1\1-комплект
Сыныптардың орташа толымдылығы – 8 оқушы.
Жалпы мектеп бойынша озат оқушылар –13, екпінділер саны – 27 оқушы, үлгермейтін оқушылар жоқ, 1 сыныпта – 8 оқушы оқиды.
Мектеп бойынша білім сапасы- 62,5 % , үлгерімі 100%,
**3.3.білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;**

***Білім алушылардың қозғалыс кестесі***

| Оқу жылы | келгені | кеткені |
|---|---|---|
| 2022-2023 | 0 | 6 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **6** |

2020-2023 оқу жылдар аралығында мектепке келген бала саны-0, кеткен бала саны-6, яғни мектептегі білім алушылардың кетуі тұрғындардың қоныс аударуына байланысты.
*Қорытынды:* Білім алушылар контингентінің салыстырмалы талдауынан білім алушылар контингентінің тұрақтылығы байқалады.

## 4.Оқу-әдістемелік жұмыс

***Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:***
***4.1.білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;***

Мектептің 2022-2023 оқу жылдардағы жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі тексерілді.

«Аққұдық орта мектебі» КММ шағын жинақталған мектеп болып табылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-тарауы 1 параграфынның 94 тармағының 6)тармақшасы негізінде 5-6 (класс комплект) біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылды.

Осы сыныптарда дене шынықтыру, көркем еңбек, музыка сабақтары біріктіріліп оқытылады.
2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 10 класс, 9 класс комплект жиынтығында – 72 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 9 білім алушы оқыған.
2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер)8-қосымша 1-4 кластар үшін; 13-қосымша 5-9 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.
1-4 кластар үшін оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-қосымшасы негізінде құрылған.Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.
*Вариативтік компонент сағаттары*:
Таңдау бойынша сабақтарға 1-4 кластарға.
**1 сынып** білім алушыларына математикалық білім, білік, дағдыларын игеру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, зейін, есте сақтау, ізденуге бейімдеу мақсатында **«Математика және**

**логика»** аптасына **1 сағат** жүргізіледі. **2 сынып** білім алушыларының бойында теориялық білімдерін күнделікті өмірмен нақты, практикалық әрекеттер, ойындар, саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде пайдалана білу жағдаяттарына төселдіреді, үнемділік, еңбекқорлық, адамзат еңбегін құрметтеу сияқты адами қасиеттерге баулу **«Математика күнделікті өмірде»** аптасына **1 сағат** жүргізіледі. **3 сынып** оқушыларының сапалы оқуы мен дамуына толық мүмкіндік беріп, өз бетімен жұмыс істеуге, нәтижеге жетуге талпындыру, курсқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында **«Информатика әліппесі»** аптасына **1 сағат** оқытылады. **4 сынып** оқушыларының орфографиялық және пунктуациялық дағдыларын, өз ойларын дәйекті түрде жеткізу мақсатында **«Секреты речи»** аптасына **1 сағат** оқытылады.
«Дене шынықтыру: спорттық ойындар (қозғалыс ойындар) аптасына 1 сағат алынған.
*5-9 кластар үшін* ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13-қосымшасы негізінде құрылған.Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.
Вариативтік компоненттік бөлімнен жаһандық құзыреттілік курстарына 5 - 8 сыныптарға аптасына 0,5 сағат, 9 сыныпқа аптасына 1сағат таңдалған.
Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер 7-9 кластардың әрқайсысына аптасына 3 сағаттан орыс тілі мен әдебиеті, география, биология, химия, информатика пәндері таңдалынған.
Дене шынықтыру: спорттық ойындар аптасына 1 сағат алынған.

***Жалпы қорытынды:*** Жалпы 2022-2023 о.ж. аралығындағы бір жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттары электронды «kyndelik kz» журналына салынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс қойылған.

***4.2. жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру***
2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.
Оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, мектеп директорымен бекітілген. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы тексерілді. Сабақ кестесімен сәйкес келеді.
Инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, **электронды форматтағы «kyndelik kz»журналына** салынған.
Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалған. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

***Жалпы қорытынды:***
Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «kyndelik kz» журналдарға енгізілген. Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

**4.3. *білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;***

2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру балалардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз етуге бағытталған құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған.

*Мектептегі тәрбие жұмысының өзекті мәселесі*: Жастардың бойында еліне деген патриотизмді қалыптастыру, мемлекетті құрметтеуге, конституция заңдарына бағынуға, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және Отандық мәдени жетістіктерін білуге және қоғамға қарама қайшы келетін әрекеттерге жол бермеуге тәрбиелеу.

*Тәрбиенің негізгі мақсаты*: «Мәңгілік Ел» идеясын, патриотизмді, мораль мен парасаттылық нормаларын ұстанатын, этносаралық және қоғамдық келісімді сыйлайтын, заңға мойынұсынатын, салауатты және рухани дамыған, интеллектуалды, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және мемлекеттің, қоғаммен отбасының мызғымастығына бағытталған дүниетанымдық ұстанымдарды сақтау және нығайту рухында тірбиелеу. Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар - ұжданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Мектептегі тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі –«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы, ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Тәрбие жұмыстары мектеп, отбасы, қоғам бағыттарында кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспары жыл сайын мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілген.

Тәрбие бағытында жүргізілген жұмыстар және тәрбие сағаттары жинақталған. Мектепішілік дөңгелек үстелдер, кездесулер, «Ашық есік» күндері өткізілген. Нашақорлыққа қарсы күрес мәдениет қалыптастыру мақсатында мектепішілік ұйым құрылған және жүргізілген іс-шаралар жинақталған. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасына сай бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар, мектеп оқушыларының пәндік үйірме, спорттық секцияларға оқушылардың қамтылуы, жолда жүру ережесін сақтау, салауатты өмір салты жұмыстарының жүргізілгені жоспардан көруге болады. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы жұмыс жүргізілген. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі аясында мектепішілік «Жас ұлан» бірлестігі жұмыс атқарған.

Сынып жектешілер, психолог және әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру, актілеу жұмысы жүргізілген. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Кәмелет жасқа толмағандар арасында ІІБ есепке тіркелген балалар жоқ. Жасөспірімдер арасында жасалған бұзақылық, қылмыстық іс тіркелмеген.

2022-2023 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

| **Есепке алу түрлері** | **2022-2023** |
|---|---|
| | **Есепке алынды** |
| Мектепішілік бақылау | Жоқ |
| ІІБ есепте | Жоқ |
| Нарколог есебінде | Жоқ |
| “Қауіпті топ” | Жоқ |
| Сәтсіз отбасы | Жоқ |

| | |
|---|---|
| Дін жолында жүрген | Жоқ |
| Суицид фактілері | Жоқ |

**Жалпы қорытынды:** Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

***4.4.білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтін әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;***

2020-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында сабақтан тыс мектепте спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебат үйірмелері жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

| Жылдар | Мектепішілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны | % | Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны | % | Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 42 | 63% | - | - | 42 | 63% |

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша

«Отбасы –мектеп» жобасы бойынша

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша

**2022-2023 оқу жылы бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:**

| Үйірмелер, секция, клубтар | Аудандық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|
| Спорттық | 20 | **3** | - | - |
| Шығармашылық байқаулар | 5 | 1 | - | - |
| Дебат | 3 | 1 | - | - |
| БАРЛЫҒЫ | **38,8%** | **6,9%** | - | - |

***Қорытынды:*** 2022-2023 оқу жылы мектепте үйірмелерге қатысушы балалар әртүрлі жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп отырады

***4.5.білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);***

«Аққұдық орта мектебінде 2022-2023 оқу жылы 11- сыныптың таңдауы бойынша алған пәндер: тереңдетілген деңгей бойынша 2 пән: дүниежүзі тарихы, география (құқық негіздері), стандартты деңгей бойынша 2 пән: физика, химия.

***4.6.білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырылды.***

**2022-2023 оқу жылы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту туралы мәлімет**

| Оқу жылдары | Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны | | | Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-4кл | 5-9кл | 10-11кл | 1-4кл | 5-9кл | 10-11кл | |
| 2022-2023 оқу жылы | - | - | - | 1 | | | 1 |

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып оқу жұмыс жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

***Инклюзивтік білім беру туралы:***

2022-2023 оқу жылында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық, медициналық, педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 1 оқушыға инклюзивті білім алу талабы берілген. Білім алушылардың жеке психологиялық, медициналық, педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

2022-2023 жылында Аққұдық орта мектебінде ерекше білім беру қажеттіліктерімен білім алған 4-сынып оқушысы Жеткергенов Есен. №195/3 дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша диагнозы: легкое нарушение интеллекта. Инклюзивті оқытуды ұйымдастыру туралы №19/1 бұйрығына сәйкес инклюзивтік білім беруде пән мұғалімдері білім алушының оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс-тәсілдер қолдану барысында «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. Астана. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016» басшылыққа алынсын.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы білім алған.

1. Жеткергенов Арсен 4 сынып ПМПК №24333 13.10. 2022ж

***4.7.ҮОЖ-на сәйкес жүзеге асатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру:***

2022-2023 оқу жылы жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі накты сақталған.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талқыланған, мектеп директорымен бекітілген.

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар вариативтік компоненттерден таңдалған элективті курстар, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық сыныптан тыс байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, онлайн форматындағы түрлі пәндік олимпиадаларға қатысудан алған марапаттаулары жинақталған.

***Қорытынды:***

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, таңдау курстары, белсенді-қозғалмалы сипаттағы

жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық, байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, онлайн форматындағы түрлі интеллектуалды байқауларға қатысудан алған марапаттаулары бар.

***4.8.«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу;***

2022-2023 оқу жылы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы төмендегі тәртіппен жүргізілген. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілген.

Курс мазмұны 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен кіріктіру арқылы қамтылған. «ӨҚН» курсы бойынша өткізілген тақырыптар мектеп журналына қай тақырыпта кіріктірілгені көрсетіліп жазылған.

***1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде жүргізілуі:***

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу пәнінің шеңберінде кіріктірілген оқу бағдарламасы мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық оқу курсы дүниетану жоспарларында белгіленген, бекітілген. Тақырыптары таңдалып алынған.

***5-9-кластарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында****:*

5 класта оқушылардың қауіпсіз шарттардағы мінез-құлықтары, төтенше жағдайдағы оқшауланған сипаты, адам өмір тіршілігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардағы қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс, медициналық білім негіздері және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері,

